

М.А. Алпысбес*, А.К. Ахметов

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: alpysbes@mail.ru; kiyat7@mail.ru)*

Төре әулеті өкілдерінің жеке шаруашылығы мен экономикасының тарихынан

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев өзінің халықаралық «Ұлытау – 2019» туризм форумында сөйлеген сөзінде Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алу қажеттігін атап өткені белгілі. Кейбір зерттеушілер еңбектерінде Жошының хан дәрежесі болмағанын алға тартады. Тарихи әдебиетте Жошының есімін Джучи деп жазу қалыптасқан. Алайда қазақтың қария сөздері, шежірелері мен тарихи жырларында Жошы есімі Жошы хан ретінде жырланады. Оның үстіне Ұлы хан Шыңғыс ханның өзі Жошыға жерлерді Жошы Ұлысы ретінде үйлестіргені де тарихи факт есебінде Жошының мемлекет басқарушы ұлысбасы, яғни Ұлы ханы болғанын көрсетеді. Хан дәрежесінде Жошы Ұлысы атты ұлан-ғайыр мемлекеттің басында тұрған әйгілі тарихи тұлға, ел билеушісі болғаны бүкіл әлемге белгілі. Алтын Орда мемлекеті ыдыраған соң, кейін Қазақ хандығының мемлекетін басқарған саяси билеуші әулеттерінің өкілдері де Жошы ханнан өсіп өрбіген ұрпақтар еді. Сондықтан, қазақ халқы оларды «ақсүйек» деп аталған әлеуметтік дәрежесіне сай «төре» деп келді. Далалық әдет бойынша хандық мемлекеттің дәстүрлі саяси титулатура жүйесінде чингизид, оның ішінде джучид төре әулеті тұқымдарына тумасынан «сұлтан» атағы таңылатын болды. Көшпелі жеке рулардың ортақ ұлыс-жұрттарын басқарған сұлтандардың ортасынан бұрыннан-ақ қалыптасқан байырғы жол-жоба, салты бойынша, ішінен ең лайықтысын халық кеменгерлері — рубасы ақсақалдары мен билері, даңқты батырлары төрелік жасауға лайық сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Қазақ хандары мен сұлтандары туралы жасалған зерттеу жұмыстары жалғасын тауып, жаңа ізденістер жүргізіліп жатқанымен, бұл мәселеге мемлекеттік тапсырыс ретінде тың мағына берілгендіктен, жаңа қарқынға ие болары сөзсіз. Мақала қазақ қоғамындағы төре әулеттерінің экономикалық-тұрмыстық, шаруашылық ахуалына үңілуге арналған. Нақты айтқанда, төрелер әулеттерінің экономикалық жеке табыс көздері мәселесін талдау арқылы Қазақ хандығы тұсындағы алым-салық жүйесін зерттеу көзделген. Бұл мәселенің қаралуы барысында қазақ әлеуметінің билеуші тап өкілдері мен шаруалардың экономикалық қарым-қатынас жүйесіндегі хан-сұлтандардың халық ортасында табысы туралы көзқарастары зерделеуге алынды. Кеңестік дәуір идеологиясы таптық қайшылық туралы тұжырымды ұстанды. Дәстүрлі қоғам шаруашылығы мен экономикасы мәселелері туралы әлдеқайда шынайы түсінік қалыптастыру маңызды. Бүгінгі қазақ халқы мен өткен замандағы дәстүрлі қоғамдық қарым-қатынастар кезеңінде орын алған алым-салық жүйесі туралы тарихи деректерді салыстыра отырып, жаңа ізденіс жасауға талпыныс жасалды.

Кілт сөздер: төре, ақсүйек, сұлтан, сауда, олжа, зекет, соғым, сыбаға, үлес.

Kipicne

Бұл тарихи мәселені зерделеуде талдауға алу қажет маңызды бір қыры — төре әулеттерінің әлеуметтік-шаруашылық өміріне қатысты әлеуметтік-шаруашылық қарым-қатынастар, оның ішінде экономикалық жүйедегі төре өкілдерінің табыс көздері туралы ізденіс жасау болмақ. Төре институтын зерттеу бағытында қолға алған бұл ізденіс зерттеу объектісін жан-жақты қарастыруды көздейді. Тақырыпты қозғағанда салыстыруға түсетін тарихи дерек көздері мен сүйенетін зерттеулер барын аңғарамыз. Солардың ішінде, Шыңғыс хан мемлекетінің экономикалық тарихи-құқықтық тұрғыда, әлеуметтік-экономикалық, әулеттік-тұлғалық тарих тұрғысынан талқылайтын жағы да бар. Көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерде кездесетін тарихи мәліметтерден төре әулеттерінің шаруашылық пен экономикасы тұрғысындағы табыс табу түрлері — салық салу, олжа түсіру, сыйлық алу; шығын жасалу жолдары — қайырымдылық жасау, шүлен тарату, садақа мен зекет беру және т.б.

Ханның ордасы тұрақтаған қорық жерлері туралы баяндалып айтылатын тарихи мәліметтер араб-парсы деректемелерінде жиі кездеседі. Хан қорықтары билеуші әулеттеріне тиесілі маңызды экономикалық негізі болғаны да белгілі. Себебі, ханның қамалы мен тұрақтайтын жері құнарлы келетін аймақты, суаты мол, егіншілікке қолайлы, малға жем-шөптің мол қоры бола алатын табиғат байлығына толы өлке болуы тиіс екені де айдан анық. Хан ордасының орналасатын жерлері тек қана

* *Корреспондент автор. E-mail: alpysbes@mail.ru (М.А. Алпысбес)*

геостратегиялық жағынан ғана емес, экономикалық тұрғыдан да тиімді болуымен әскери-соғыс амалдары тұрғысынан қауіпсіз келетін алқапта болатыны белгілі. Басқа елдердің сапарлап, саяхаттап келетін елшілері жол бойы байқаған қала, шаһарлары мен елді мекен, ауылдарын бақылап отырып, сапарнама жазбаларында да хаттаған. Онда олар елдің егіншілігі мен қалалық құрылысы дамыған өлкелерін де сипаттап өткен. Шаруашылық-экономикалық тұрғыда егіншілік алқаптары мен қалалық өмір дамыған өлкелер сауда мен керуеншілік үшін және соған байланысты ұлыстың экономикалық іргелі негізі болып табылатын басты табыс көздеріне де тікелей қатысты.

Зерттеу әдістері

Қазақ хандығы мемлекеті XIII ғасырда әлем тарихының саяси сахнасына келген Шыңғыс ханның түркі ру-тайпаларының басын қосып құрған киіз туырлығыларының мемлекетілігінің дәстүрлі жалғасы екендігі мәселесі ғылыми парадигма тұрғысынан басты методологиялық ұстаным бола алады. Жүйелілік әдісі тұрғысынан, бұл саяси-мемлекеттік құрылымдар хронологиялық кезең бойынша, өзара тарихи-салыстырмалы әдіс тұрғысынан да қарастырылуы мүмкін. Тарих ғылымы аясындағы тағы бір әдіснамалық құрал — әлеуметтік-саяси және шаруашылық экономикалық жүйелер мен құрылымдарды, оның негізгі құраушы элементтері мен компоненттері тұрғысынан ұқсастырып салыстыру, ара-жігі мен айырмашылықтарын ашып қарастыру және жүйелілік талдауға алу жолымен зерттеу тиімді болып табылады. Мысалы, бұл мемлекеттер экономикалық тұрғыда барлығы көшпелі елдер ретінде танылып келді, бірақ тарихи деректер олардың мемлекеттік-экономикалық жүйесі тек қана мал шауашылығы ғана емес, кешенді экономикаға, оның ішінде қалалар мен отырықшы елді мекендер және үлкен көш жолдары мен сауда-керуен жолдарының жүйесі тығыз байланыста болғаны анықталған. Этномәдени тұрғыдағы тарихи сабақтастықпен қатар дүниетанымдық-идеологиялық жүйелердің де жақындығы, біте қайнасқан байланыстылығы да бар. Әсіресе, саяси-басқарушылық, билеуші әулеттердің, сонымен сюзерен-воссалдық қатынастар мен рулық-туыстық жүйелердің өзара тығыз біртұтас туыстық-әлеуметтік құрылым ретінде қоғамдық-қауымдық тұрғыда біте қайнасуы да тұрақты дамуы тарихындағы мемлекеттік институттың өте әлді құрылым ретінде жасақталуын көрсетеді. Осындай теориялық-методологиялық іргелі негіз ғылыми-зерттеу әдіснамасының берік тұжырымына айналып отыр және ғылыми ізденістің маңызды алғышарты болып табылады.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Қазақ хандығы Шыңғыс ханның түркі ру-тайпалары құрған киіз туырлығыларының мемлекеті деп тарихта атаған үлкен империяның ыдырағанынан соң пайда болған жаңа мемлекет, онда Шыңғыс тұқымдарының саяси билікті жалғастырғанын ескерсек, Қазақ хандығы тарихтағы «Ұлық Ұлыс», «Жошы Ұлысы» мен «Алтын Орда» елдерінің тікелей мұрагері. «Алтын Орда» аталып жүрген кезең мен Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезең деп осы екі аралықтағы тарихи дәуірлерді ажыратып алғанымыз дұрыс. Алтын Орда дәуіріне үңілсек, одан әуелгі уақытта билеуші әулет (династия) басында тұрған Шыңғыс ханның кезінде біртұтас Түркі қағанаты болған түркілік ру-тайпалардың ыдырап жатқан күйінен басын біріктіріп, алуан түрлі елдерді бағындырып, оларға салық төлеуді міндеттегені белгілі [1, б. 163].

Шыңғыс ханның мұрагеріне айналған үшінші ұлы Үгедей хан салық жүйесін халыққа ауыр тимейтіндей ретке келтіріп, дегені: «Хақан әкейдің дайын тағын иемденіп, халайықты қинамауды құрмет тұтайық. Ас-су үшін қарасты жұртшылықтың бір қора қойынан жыл сайын бір ісек алып тұрайық...» [2, б. 198]. Бұл мәліметке назар салып, байқап қарасақ, Шыңғыс әулеті көшпелі елдердің мал басынан салық алып тұрғанын түсінеміз, ал отырықшы елдерге келгенде әркім өз кәсібіне қарай салық төлеген. Мысалы, егіншілер астықпен есеп айрысқан болса, Еуропа елдері әр үйден бір балта мен табылған темір рудасынан беріп отырды. Бір елдер монетамен төлесе, енді біреулер қағаз ақшамен де төлей алды. Орыс княздары болса ақша орнына әртүрлі бағалы аңдардың терісімен есептесті [3, б. 73–74; 4, б. 191].

Шыңғыс хан ұрпақтарының салықтан тыс тағы бір табыс көзі — олжа болған еді. Олжа екі түрлі жолмен келіп түсті: бірі соғыс жорықтарынан келген олжа болса, екіншісі әртүрлі елдерден сый-сияпат түрінде әкелінген олжалар. Бірақ, түскен олжаның қай түрі болмасын бөліске салынды. Соғыстан түскен олжадан ханнан бастап қатардағы әскерге дейін үлес алған. Шыңғыс хан жорықтан келген олжа үлестіруде ең алдымен шайқаста шаһит болған сарбаздардың үлесін тарататын болған. Әскери соғыс олжасы түрлеріне қолға түскен мал-мүлік, бұйым-жиһаз, қару-жарақ, қатын-қалаш,

құл-құтан, және т.б. болғаны анық. Олжаның ең жақсысын ел басындағылар иеленген болу керек, яғни жүйрік ат, өткір қылыш, жауһар тас, алтын бұйым, төзімді құл, сұлу қыз, т.б. [2, б. 64, 71, 95].

Сый-сияпатқа келгенде, хан әулеті жанындағы сенімді серіктерімен — олжалы қолбасшылары, жауынгер сарбаздары, ерекше ерлік көрсеткен батырларымен бөліседі немесе көбіне бүтіндей сыйлай салатын [1, б. 68–69]. Мысалы, 1246 жылы Шыңғыс ханның немересі Күйік таққа отыратын рәсімге жер-жерде елшілер келіп, әртүрлі бағалы сыйлық әкелген. Бұл жайлы Плато Карпинидің жазбасында былай таңбалайды: «Сол жерде, тауда, хан қонысынан алшақ емес маңда 500-ден аса күйме тізулі тұрды, олардың бәрі алтын мен күміске және жібек көйлектерге толы. Оның барлығы император мен көсемдердің бөлісіне түсті, ал жеке көсемдер өз үлесін өздерінің адамдарына бөліп берді...» [3, б. 99].

Хан әулетінің байлығын арттырып отыратын ханның сауда керуендері де жұмыс жасап жатты [3, б. 110]. Алайда, Алтын Орда дәуірінде шыңғыс тектілердің билігінің күштілігіне қарай кепілді түрдегі басты табыс көзі қоластындағы халықтан жиналатын салық екені даусыз. Қазақ хандығы тұсында төрелердің билігі бірде күшейіп, бірде әлсіреп, нәтижесінде бабалары құрған салық жүйесі жұмыс жасамады. Қазақта Шыңғыс ұрпағы хан сайланғанда оның бар мүлкін «хан талапай» дәстүрімен халық иеленіп, орнына әрбір ру мал жинап беретін әдемі дәстүр кімге де болса мәлім [5, б. 160–162]. Дәл осындай рәсімді рудың басқарушы төресі етіп қабылданған сұлтанға да жасалатын. Оған рудың төресін де хандай көріп ақ киізге салып көтеруі айғақ болады [6, б. 49]. Демек, қазақтың төрелік еткен хандары мен сұлтандарының осындай дәстүрмен отбасыларын қамтамасыз ететін жеке шаруашылығы болды. Ал шаруашылық ісін алға дөңгелететін төлеңгіттер екені де түсінікті.

Салық мәселесіне келсек, мысалы, 1731 жылы 16 желтоқсанда Ресейдің елшісі Тевкелевтің Бөкенбай батырмен әңгімелесіп білген дерегі береді: «Оларда, қырғыз-қайсақтарда, бұрын қалалары болған, атап айтқанда: Ташкент, Түркістан, Сайрам және оларға қарасты қалашықтар мен елді мекендер, оларға қырғыз-қайсақ хандары мен старшындары иелік еткен. Ол қалаларда саудагер сарттар қоныстанған, солардан алым алынатын... Ал көшпелі қырғыз-қайсақтардан хан ешқандай салық алмайды, оған жол берілмейді, егер біреулер өз еркімен беріп жатса, соған ризашылық білдіреді, айтпесе ешкімнен оның еркінен тыс ешнәрсе ала алмайды» [7, б. 62].

Қазақ хан-сұлтандарының көшпелі ру-тайпалардан салық алмағанын 1762 жылы Нұралы ханның III Петр Патшаға: «Мұнда далада маған алым беретін әдет жоқ» деп жазған хаты тағы дәлелдейді [8, б. 118]. 1759 жылдағы генерал-майор А.Тевкелев пен коллеж кеңесшісі П.Рычковтың Ресейдің Сыртқы Істер Коллегиясына берген мәліметінде Түркістанда отырған Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің табысы жайлы: «... Ол күнкөрісі мен табысын сол төңіректе қоныстанған жер өңдеушілер (егіншілер — *авт.*) мен саудагерлерден алады» деп жоғарыдағы мәліметті растайды [7, б. 582]. 1730 жылы Ресейге барған қазақ елшілері Құтлымбет би, Сейітқұл батыр және Тоқташ мырза қазақ хандарының қалалық және далалық болып екіге ажыратылатынын хабарлады [9, б. 330–331].

Олай болса, қолында қаласы жоқ далалық төрелерде ондай табыс көзі болмады. Кіші жүз билеушісі, далалық сұлтан Әбілқайыр ханның Ресейден өзіне қала салып беруді талап етіп жүрген басты себебі де осында жатыр. Қазақ сұлтандары бірде қалаларға ие болып, бірде ажырап қалған жағдайлары да болатын. Осыған байланысты болса керек немесе қалаға ықпал етіп отырған төре әулеті өкілдерінің саны тым аз болғандықтан Ресей шенеуніктері келесідей қорытындыға келген. П.Рычковтың (1712–1777) сөзін келтірсек: «Хандардың да, сұлтандардың да халықтан жинайтын белгілі бір табысы жоқ. Олар көбіне жеке басының үнемшілдігінен, оларға берілетін ерікті сый-сияпаттармен және соғыста түсетін олжамен күн көреді» [10, б. 202].

П.И.Рычковпен қызметтес болған А.Тевкелев «Қырғыз-қайсақтың хандарына өз халқынан үздіксіз ешбір табыс түспейді, сондықтан олар кедейшілікте тұрады және әділетсіз істерге баруға мәжбүр, сол себепті азық-түлікке де зәру» деп жазды [11, б. 314–315]. Меніңше сұлтандар «азық-түлікке зәру» болатын күйде болған жоқ. Дала билеушілерінде қалалардан түсетін табыс болмағанымен, олар да құр алақан емес-ті. Біріншіден, олар ұлысынан өткен шетелдік сауда керуендерінен салық алып тұрды [12, б. 398]. Бұл кәдімгі бүгінгі кеден салығы. Оның да өз тәртібі болды. Мысалы, Кіші жүз территориясында сауда керуені Ералы сұлтанның ұлысынан өткенде, оған салық төлесе, қалған ұлыстың жерінен салықсыз еркін жылжитын. Олардан Нұралы хан, Айшуақ сұлтан, Досалы сұлтан қайта салық ала алмайтын [8, б. 307].

Бұл үрдіс XIX ғасырда да қалмағанын фактілерден көреміз. Мысалы, XIX ғасырдың басында Кіші жүзде Қаратай сұлтан керуендерден салық алса [13, б. 52], 1826 жылы Темір сұлтан Ералыұлы оның иелігінен өтіп Троицк бағытында бара жатқан сауда керуенінен алым алған [14, б. 153]. Ф.К.Зиберштейннің 1825 жылы жазған жазбасында, Ұлы жүз аумағында Абылай ханның немерелері

Абылай мен Ералы, Мамырхан мен Төлек Әділұлдары сауда керуендерінен салық алғанын айтады [15, б. 222–228]. Шығыс Қазақстанда 1816 жылы Шама сұлтан Құлжадан келе жатқан сауда керуеніне төлеңгітін жіберіп, ақша төлеуді талап еткен болса, 1834 жылы әйгілі Кенесары ханның ағасы Саржан сұлтан Ажалямов деген татар көпестің тауарынан заттай алым алған [16, б. 153].

XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ пен Бұхар хандықтарын зерттеген Ж.М. Тулибаева хандар мен сұлтандардың билер мен байлармен қатар саудамен айналысқанын хабарлайды [17, б. 75]. Ол заманда адам саудасы да Алтын Орда дәуірінен жалғасқан әдеттегі жағдай болатын. Қазақтардың Ресей шекарасынан орыстарды ұстап Орталық Азия қалаларына апарып сатуы жайлы мәлімет те жеткілікті. Бір ғана мысал, 1791 жылдың қаңтарында бас старшын Сырым батырдың көмекшісі Мулабдеш Ескендірұлы Орал әскери канцеляриясына Досалы сұлтанның екі орыс азаматын ұстап алып, сатып жібергендігін хабарлайды. Ол тұтқынның біреуі Кулагин бекінісінен әкетілген екен [18, б. 88–92, 105].

Олжа мәселесіне келсек, қазақ хан-сұлтандарының қайсысы болмасын, әдеттегідей жорықтан олжа түсіріп, ең жақсысы оларға тигенімен, олардан қайыр бола қоймайтын. Әдеттегі Шыңғыс хан бабасының дәстүрі бойынша олжаны елге таратып беріп отырған. Ағылшын саяхатшысы Джон Кэстль 1734 жылы Әбілқайыр ханның ордасында болып, оның тұрмысын былай деп баяндайды: «Ру ақсақалдары — текті әулеттен тарғандар,... олардың көпшілігі мал жағынан ханнан әлдеқайда бай кісілер... Ханның еңбегіне алатыны тым аз, олар бұған өмір сүруге ең қажетті мөлшерден артық еш нәрсе бермейді, оның үстіне адамдары өз айтқанынан шықпай беріліп қызмет етсін деп, өз табысын наразы болғандармен бөлісуге мәжбүр [19, б. 83].

1758 жылы генерал-майор А. Тевкелев пен оның кеңесшісі П. Рычковтың Сыртқы Істер Коллегиясына жіберген хабарында Абылай сұлтан (болашақ хан — *авт.*) жайлы: «Онда барып қайтқан осындағы адамдардың айтуынша, ол соғыс қимылдарында, қырғыздардың (қазақтардың — *авт.*) дәстүрі бойынша, не өзін, не өзінің қамқорындағыларды аямайды, олжа түсірген жағдайда, өзіне ешнәрсені қалдырмай, халыққа таратып береді, осылайша билігін нығайта түсті...» дейді [7, б. 557]. Бабасының жолынан таймаған Кенесары хан да орыстың отарлау саясатына қарсы көтерілгенде олжадан өзіне ешнәрсе алмаған екен [20, б. 210].

Бөкенбай батыр хабарлағандай, ханға қазақтар өз еркімен арнайы сый-тарту әкелетін әдеттің бар екендігі де расталып отыр. 1738–1739 жылы Орынбордан Ташкенге сапар шеккен К. Миллер Түркістанда Жәңгір сұлтанның үйінде қонақта болып, Жәңгірдің бұрын хан болғанына қарамастан тақыр кедейшілікте өмір сүріп, халықтың қайырымдылық көмегімен күн көретінін жазған [15, б. 34]. Бөкей ордасындағы қазақ руларын басқарушы сұлтандар мен рубасылардың қоластындағы халықтың бақуаттарынан ерікті түрде азын-аулақ мал түрінде табыс алып отыратыны әдеттегі жағдай болған. Жәңгір хан бұл туралы былай түсіндіреді «...барлық қырғыздар (қазақтар — *авт.*), бай, кедей демей, лауазымды қызметтегілердің халық тарапынан жасалатын көмегінсіз оларды басқара алмайтынына және олай өмір сүрмеуі (яғни халықтың көмегінсіз — *А.А.*) тиістігіне кәміл сенеді» [21, б. 84, 85].

Осы дәстүрді Ресейдің 1822–1824 жылдары қазақ даласындағы хандық институтты жоюына арналған жарғыларынан көреміз. Сібір қырғыздары туралы жарғының 130-бабында «Қырғыздар (қазақтар — *авт.*) ретімен, қазіргі дәстүрлері бойынша, өздерінің сұлтандарына көмек (тартулар — *авт.*) жасай алады» деп әдеттегі бұрыннан келе жатқан дәстүрді заңдастырып, сол күйінше қалдырғанын білдіреді [12, б. 411]. Демек, төрелер өздерінің елдегі төрелігі үшін төлем және қосымша тартулар алып отырған. Алдымен қызметі үшін алатын ақы деп нені түсінеміз? Оны шартты түрде үшке бөліп қараймыз. Біріншіден, араздасқан тараптар биге емес, сұлтанға келіп жүгінсе, мәселені шешкені үшін арнайы «билік» төлемді алған. Себебі, хандар мен сұлтандар билер сияқты сот істерін қарастырып, альтернативті және жоғарғы сот рөлін атқарған. Мысалы, хан мен билер адам өлімін қарағаны үшін 3–4 жасар 40 бас байтал алып отырған [5, б. 132]. Одан кейінгі төлем «хандық айып» деп аталады. Оның мәнісі мынада, бір ру екінші рудан ірі көлемде ұрлық жасаса, мәселе билер сотында шешілгенімен, кінәлі жақ ханға немесе жәбірленген рудың сұлтанына бесті ат немесе бесті атан түрінде айып төлеген [5, б. 63].

Үшіншіден, Ресеймен немесе басқа көрші елдермен шекарада болған мәселелерді шешкені үшін ақы алу дәстүрін жатқызамыз [18, б. 103]. Олар мәселені қазақтың пайдасына шешсе, қазақтан ақы алып отырды және дәл сол сияқты мәселені орыстың пайдасына шешсе орыстан ақы алды. Тек орыстардың жеке жәбірленушілері емес пұлды төлейтін, үкімет тарапынан арнайы қаржы бөлініп, хан-сұлтандарға еңбек ақы ретінде үздіксіз жылына бір рет төленді. Орыстар отарлаудың бір механизмі ретінде еңбек ақы арқылы қазақ ақсүйектерін Ресейдің шенеунігіне айналдыруды көздесе,

қазақтың билеушілері оған әдеттегідей мәселені шешкені үшін берілетін сыйақы ретінде қарады. Қазақ халқы Ресейдің протекциясына өткенде, екі жақтың келісімі бойынша, қазақ билеушілері шекарадағы тыныштық сақтап, Ресей мен Орта Азия елдері арасындағы сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін алған еді [12, б. 185].

Міне, осы келісілген міндеттерді орындағаны үшін қазақтың билеушілері орыстан ақша алып жатырмыз деп түсінген, яғни ақылы қызмет көрсетіп отырды. 1874 жылы Г. Загряжскийдің жазбасына сүйенсек, алғашқыда сұлтандарға қоластындағы рулар әдетте соғымның бір бөлігін беріп отыруы тиіс болған. Ал сұлтандардың үлкені әкелінген соғымды туыстары арасында үлестіретін. Кейінірек, орыс үкіметінің ықпалы қазақ даласына жүргенде, сұлтандар рулардың мәселелерін шешіп, көңілінен шыққанда ғана ерікті түрде соғымнан үлес алды. Пайдасы тимесе, соғымнан құр қалатын [22, б. 81–82]. Сонда ақсүйек өкілдері ретінде сұлтандардың орыс араласпай тұрып соғымнан алған үлесі салық емес, табыс та емес, сыбаға есептелген. Бұны сұлтанға берілетін тарту түріндегі қосымша көмек немесе қайырымдылық деп ұғамыз. Осы жерде Тәттігүл Картаеваның мынадай мәліметі ойымызды толықтырады: «Той-томалақ, астарда төре-төлеңгіт, қожаларды төрге шығарып, оларға арнайы сыбаға тартқан, өліктің жаназасын шығарғанда «аталық» бергенде төреге өз алдына сыбаға берген» [23, б. 142].

Шыңғыс ұрпақтары қоластындағы елден салық алып тұруды міндеттеуге де ұмтылған кездері болған. Мәселен, Кіші жүздің билеушісі болған Қайып хан (орыстар оны сұлтан дейді) шарифат негізінде зекет салығын тұрақты түрде жинап тұруды заңдастыру туралы жарлық шығарған. Бірақ 1789 жылы Орынбор әскери губернаторы барон Игельстром аталған заңға ешкім бағынбасын деп хат жазған [21, б. 64]. Сол 1789 жылы қазан айында Қайып хан ойлағанын жүзеге асыруға үлгермей дүниеден өткен [24, б. 79]. Ішкі Орданың алғашқы билеушісі Бөкей хан да халықтан зекет салығы мен соғым алып тұрған деседі. Жалпы қазақ даласында оның ұлы Жәңгір хан (1803–1845) 1827 жылы бірінші болып қоластындағы (Бөкей Ордасы) халықтан шарифат заңдары негізінде жылына бір рет зекет салығының төленуін және міндетті түрде соғым алуды заңдастырған. Жәңгірдің 1829 жылы шекаралық комиссияның төрағасы Генске жазған мәліметінде «қырғыздар (қазақтар — А.А.) баяғыдан келе жатқан заңдар бойынша, екі түрлі төлем төлеуі міндетті: зекет пен қысқы соғымға қой беру... кедейлерден мүлдем ешнәрсе алынбайды...» деген. Хан үшін зекет пен соғым жинағаны үшін сұлтандар мен старшындар да өте аз мөлшерде қызметтері үшін халықтан мал түрінде ақы алып отырған [21, б. 82–85].

Ал, XIX ғасырдың ортасынан Ресейдің басқару жүйесі қазақ даласына тамырын жайып, мүлік теңсіздігі еніп, қазақта бай мен кедей табы пайда бола бастағанда, сұлтандар да аталған әлеуметтік топтардан көрінді. Сонда да олардың ішінде қара қазақпен салыстырғанда өте бай адамдар аз болатын. Жалпы тұрмысы төмен болды деп те айта алмаймыз. Мынадай статистикалық сараптамаға мән берелік. 1850 жылғы мәліметтерден бірнеше округті алайық. Қарқаралы округінде барлығы 43 сұлтан болса, олардың 9-ы — өте бай, 17-сі — бай, 15-і орташа, 2-уі кедей есептелінген. Көкпекті округінде барлығы 19 сұлтан, олардың 9-ы — бай, 5-уі — орташа, 2-уі — ортадан төмен, 3-уі — кедей. Ақмола округінде барлығы 30 сұлтан, олардың 9-ы — бай, 1-уі — өте бай, 5-уі — бакуат, 12-сі — орташа, 3-уі — кедей екен. Көкшетау округінде барлығы 24 сұлтан, олардың 2-уі — бай, 14-і — орташа, 8-і кедей тұрған [25, б. 330–390].

Кіші жүз сұлтандарының да жағдайы осы шамада. Олардың бір бөлігін ғана айта кетелік, Батыс Бөлік қазақтарының ішінде барлығы 26 сұлтан болса, олардың 1-і — өте бай, 5-уі — бай, 8-і — орташа, 10-ы — орташадан төмен, 2-уі кедей болып есептелінген. Ерекше тапсырмалар бойынша В.М. Лазаревский деген шенеуніктің хабарлауынша, өте бай адамда 1000-нан аса жылқысы барлар, айтарлықтай бай адамға 500-ден аса жылқысы барлар, бай адамға 200-ден аса жылқысы барлар жатқызылса, орташа адамдарда жылқы саны 100-ден асса, орташадан төмендерде 100-ге жуық, кедейлерге 25 басқа жетпейтін жылқы малы бар адамдарды есептеген [26, б. 124–135].

Баймағамбет сұлтан Айшуақұлының дерегінше, кедей адамға 20 бас қойы, 5 бас сиыры, 1 түйесі бар қазақты жатқызған. Айтпақшы, дәл осы Баймағамбет сұлтан жылына 1 рубль 50 тиын күміс ақшамен түтін салығын төлеу кедей үйлерге өте ауыр тиетінін хабарлап, оларды мүлдем салықтан босату қажеттігі туралы басшылыққа ұсыныс жасапты [27, б. 229–230]. Осы жылы Орынбор шекара комиссиясының төрағасы М.В. Ладженскийге линия маңындағы қазақтардың попечителі А.Г. Шершеневич Орал линиясының Нижний дистанциясы бойында көшкен қазақтар жайлы мәліметіне назар аударсақ, линия маңындағы қазақтар тұрмысы нашарларлығынан руларынан бөлініп қамқорлық іздегендер екен. Олардың арасында сұлтандар да болған. Олар жайлы былай дейді:

«Сұлтандардың да бірнеше отбасысы тым кедей болғандықтан жан сауғалау үшін тіміскіленіп, барын сақтап қалумен ғана уақыт өткізеді» [26, б. 167].

1907–1910 жылдары жасалған статистика туралы П.П. Румянцев мынадай қорытынды жасаған: «Сұлтандар әулетінің бір бөлігі хал-ахуалы жоғары бай топтардан табылса, енді бір бөлігі кедейленіп, басқа төменгі топтардың қатарына кіріп кетті. Қазір қарапайымдалған бұрынғы сословиелік артықшылықтары қырғыз (қазақ — *авт.*) даласын жаулап үлгерген товар-ақша қатынасындағы шаруашылықтың бәсекесіне төтеп бере алмады...» [28, б. 57].

Қорытынды

Қарастырған мәліметтерден түйгеніміз, қазақтың хан-сұлтандарында қазақ халқынан міндетті алынатын салық жүйесі болмаған. Олар қатардағы қазақ сияқты әрбірі өзінің жеке шаруашылығын айналдырған. Жылдағы соғымдардан, күнделікті тойлардан оларға халық сыбаға, тарту ретінде өз еріктерімен үлестерін беріп отырған. Төрелер қоластындағы адамдардың мәселелерін шешуге араласқанда, яғни тікелей көрсеткен қызметіне белгіленген мөлшерде ақы алған. Өз ұлыстарынан өтетін шетелдік сауда керуендерден олардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткендігі үшін алым алуды міндет деп есептеген. Қалалар мен оның төңірегіне билігі жүрген төрелерге ондағы тұрғындардан (қазақтар емес, сарттар) жүйелі түрде салық түсіп тұрған. Сараптай келгенде, төрелердің елді қанауы туралы тұжырымның дәйексіз екендігін сенімді түрде жоққа шығара аламыз. Салық салу және алым алу жүйесі әлеуметтік тұрғыда әділетті қоғам құрудың бір тетігі болып табылады. Салық салу реті, алым алу мөлшері құқықтық тұрғыда ежелгі дәуірлерден-ақ заңмен реттелетін болғаны белгілі. Қазақ ортасында дәстүрлі салық жүйесі шариғат негізіндегі мұсылмандыққа құққа немесе дала заңы ережелерімен әдет бойынша негізделіп реттелетін болған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Лувсанданзан. Алтын шежіре / Лувсанданзан; моңғол тілінен ауд. А. Маукараұлы. — Алматы: Өнер, 1998.
- 2 Моңғолдың құпия шежіресі (XII–XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі) / ауд. М. Сұлтаняұлы. — Алматы: Өнер, 1998. — 224 б.
- 3 Пано Карпини. Путешествие в Евразийские степи / Пано Карпини, Гильом де Рубрук. — Алматы: ИД «Кочевники», 2003. — 240 с.
- 4 Тулибаева Ж.М. Сведения о Чагатайском улусе в «Улус-и арба-йи чингизи» [Электронный ресурс] / Ж.М. Тулибаева. — Режим доступа: <https://abai.kz/post/15915>
- 5 Записи Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества. Вып. второй. — Казань: Университетская типография, 1871. — 290 с.
- 6 Андреев. И.Г. Қырғыз-қайсақ Орта ордасын суреттеу. — 2-ші бас. / И.Г. Андреев. — Астана: Алтын кітап, 2007. — 210 б. (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 26-шы том).
- 7 Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках: сб. док. и материалов. — Алма-Ата: Наука, 1961. — 741 с.
- 8 Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675–1821 гг.: сб. ист. док.: [В 2 т.]. — Т. II: Письма казахских правителей. 1738–1821 гг. / Сост. и ред. И.В. Ерофеева. — Алматы: АО «АБДИ компании», 2014. — 1032 с.
- 9 Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик / И. Ерофеева. — Алматы: Санат, 1999. — 336 с.
- 10 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век. — Т. IV / Сост. И. Ерофеева. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — 368 с.
- 11 История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731–1759 гг.). — Т. III / Сост. И.В. Ерофеева. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 484 с.
- 12 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / А.И. Левшин; под общ. ред. акад. М.К. Козыбаева. — Алматы: Санат, 1996. — 656 с.
- 13 Ахмет А. Қаратай хан / А. Ахмет. — Алматы: Арыс, 2007. — 176 б.
- 14 Зиманов С. Политический строй Казахстана первой половины XIX века и Букеевское ханство / С. Зиманов. — Алматы: Арыс, 2009 — 496 с.
- 15 История Казахстана в русских источниках XVIII–XIX веков. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахстанским степям XVIII–XIX века. — Т. VI. / сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — 516 с.
- 16 Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство / С. Зиманов. — Алматы: Арыс, 2009. — 400 с.
- 17 Лапин Н.С. Деятельность О.А. Игельстрома в контексте казахско-российских взаимоотношений (1780-е – 1790-е годы) / Н.С. Лапин. — Астана: Сарыарка, 2012. — 384 с.
- 18 Қият А. Досалы сұлтан Бұлқайырұлы / А. Қият. — Алматы: ЖШС «Полиграфкомбинат», 2015. — 248 б.
- 19 Джон Кэстль. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы / Джон Кэстль. — Алматы: Атамұра, 1996. — 96 б.

- 20 Казахские чиновники на службе Российской империи: сб. док. и матер. / отв. ред. Г.С. Султангалиева, сост. Г.С. Султангалиева, Т.Т. Далаева, С.К. Удербаяева. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2014. — 418 с.
- 21 Букеевской Орде — 200 лет : [Изд. из 6 кн.]. — Кн. 2. — Алматы: Өлке, 2001. — 232 с.
- 22 Из истории казахов / сост. Е. Аккошкар. — Алматы: Жалын, 1997. — 448 с.
- 23 Картаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басы) [Екі томдық]. — 1-т. / Т.Е. Картаева. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2014. — 294 б.
- 24 Исмурзин Ж.А. Батырұлы Қайып хан және оның әулетінің тарихы (1745–1860 жж.): тарих ғыл. канд. ... дис. / Ж.А. Исмурзин. — Орал, 2008. — 189 б.
- 25 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. О почетнейших и влиятельнейших ордынцах: алфавитные, именные, формулярные и послужные списки. 12 ноября 1827 г. — 9 августа 1917 г. — Т. VIII, ч. 1 / сост. Б.Т. Жанаев. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006 — 716 с. + вкл. 4 с.
- 26 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. О почетнейших и влиятельнейших ордынцах: алфавитные, именные, формулярные и послужные списки. 12 ноября 1827 г. — 9 августа 1917 г. — Т. VIII, ч. 2 / сост. Б.Т. Жанаев. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 962 с.
- 27 Материалы по истории политического строя Казахстана. — Т. 1 / сост. М.Г. Масевич. — Алма-Ата: АН КазССР, 1960. — 441 с.
- 28 Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем / П.П. Румянцев. — СПб., 1910. — 66 с.

М.А. Алпысбес, А.К. Ахметов

Из истории экономической жизни и частного хозяйства представителей династии тюре

Президент Казахстана К.-Ж. Токаев, выступая на Международном туристическом форуме «Улытау – 2019», отметил необходимость и важность чествования старшего сына Чингис хана — Джучи. В казахской исторической литературе имя Джучи известно как Жошы. Некоторые исследователи полагают, что Джучи не имел титула хана. Однако тот факт, что великий Чингис хан сам распределил территории для сыновей в уделах, и удел Джучи именовался Улус Джучи свидетельствует в пользу того, что Джучи был правящим ханом. Кроме того, после распада Золотой Орды представители правящей политической династии Казахского ханства выбирались из рода хана Джучи. Поэтому казахский народ называл их «аксүйек», своего рода «дворяне Степи», в соответствии со социальным статусом, который в буквальном переводе звучит как «белая кость». Собственно, слово «сүйек», т.е. «кость», выражало значение племени, рода или происхождения, а «ак» («белая») имело значение «благородное», элитное. Согласно степному праву, в традиционной политической титулатуре Казахского ханства потомкам династии Чингис хана, а именно династии Джучидов, по факту рождения присваивалось звание «султан». Настоящая статья посвящена социально-экономическому положению представителей социальной группы «аксүйек» в казахском обществе. В частности, авторами изучены принципы и система видов налогов в Казахском ханстве путем анализа вопроса об экономических источниках и частных доходах представителей различных социальных слоев населения. В ходе рассмотрения данного вопроса подверглись анализу различные взгляды правящего слоя казахского общества — хан-султанов в системе экономических отношений. Идеология советской эпохи была основана на концепции классовых конфликтов, однако теперь важно сформировать реалистичное понимание проблем традиционного общества и экономики, оторвавшись от схематического понимания сути социально-экономической жизни казахского общества, сложившегося в интерпретации советской исторической школы. Была предпринята попытка нового поиска путем сравнения исторических данных о налоговой системе казахского народа сегодня и традиционных социальных отношениях прошлого.

Ключевые слова: тюре, джучиды, «аксүйек», султан, торговля, добыча, зекет, согум, удел, доля.

M.A. Alpysbes, A.K. Akhmetov

From history of the economic life and the private economy of the representatives of the dynasty of the Tore

President of Kazakhstan K.K. Tokaev, speaking at the Ulytau-2019 international tourism forum, noted the need and importance of honoring the name of Genghis Khan's eldest son, Jochi Khan. In Kazakh historical literature, the name of Jochi is known as Zhoshi. Some scholars claim that Jochi did not have the title of khan. However, in the ancient legends of the Kazakh people, genealogies and historical poems, the name of Jochi is cried out just like Jochi-khan, although he died quite early. Moreover, the fact that the Great Khan Genghis Khan himself distributed the territories for his sons and the inheritance of Jochi was referred to as Uly Jochi indicates that Jochi was the ruling khan, that is, he was Uly Khan. The personality of Jochi Khan is world

famous, not only as the leader of the army, but also as a khan, he was the famous person, the ruler of the state called Ulus Jochi. After the collapse of the Golden Horde, representatives of the ruling political dynasties of the Kazakh Khanate were descendants of Khan Juchi. Therefore, the Kazakh people called them «aq suyiek», a kind of «Steppe noblemen», in accordance with their social status, which was literally called «white bone». «Suyiek», that is, «bone» expressed the meaning of a tribe, clan or origin, and the meaning of «ak» («white») personified the meaning of «noble», the Elite. According to the law of the steppe, in the traditional system of political title of the Kazakh Khanate, the descendants of the Genghis Khan dynasty, namely the Juchid dynasty, were given the title «Sultan» upon birth. According to the ancient tradition, the sultans who ruled the common tribes of individual nomadic tribes, according to tradition, the most worthy of them are the folk sages — «rubasy-aksakals» and biys, glorious batyrs on white felt. Although studies of the history of Kazakh khans and sultans are ongoing and new studies are being conducted, it is obvious that this issue will continue to develop due to the demand for this historical knowledge both in the context of political history and in the context of the development of historical biography, historical personalism. This article is devoted to the socio-economic situation of representatives of the «Suyiek» social group in Kazakh society. In particular, it is necessary to study the principles and system of types of taxes in the Kazakh Khanate by analyzing the issue of economic sources and private income of representatives of various social strata of the population. During the consideration of this issue, the views of the ruling stratum of the Kazakh society — the khan-sultans in the system of economic relations were studied. The ideology of the Soviet era was based on the concept of class conflicts, but now it is important to form the realistic understanding of the problems of traditional society and the economy, breaking away from the schematic understanding of the essence of the socio-economic life of Kazakh society, which has developed in the interpretation of the Soviet historical school. An attempt was made to a new search by comparing historical data on the tax system of the Kazakh people today and traditional social relations of the past.

Keywords: tore, juchids, «aqsuyiek», sultan, trade, mining, zeket, sogum, inheritance, share.

References

- 1 Luvsandanзан. (1998). *Altyn shezhire [The Golden Shezhyre]*. (Transl. from Mongolian by A. Mauqaraulы). Almaty: Oner [in Kazakh].
- 2 Mongoldyn qupiiа shezhiresi (XII–XIII gasyrlardagy koshpeliler shezhiresi). (1998). [*The secret chronicle of Mongols (The Shezhyre of the Nomads in the XII–XIII centuries)*]. (Transl. by M. Sultaniiаuly). — Almaty: Oner [in Kazakh].
- 3 Plano Karpini, Gilom de Rubruk. (2003). *Puteshestvie v Evraziiskie stepi [Journey to Eurasian Steppe]*. Almaty: Kochevniki [in Russian].
- 4 Tulibaeva, Zh.M. (2013). Svedeniia o Chahataiskom uluse v «Ulus-i arba-ii chingizi» [Information about the Chagatai people in «Ulus-i arba-yi chingizi»]. *abai.kz* Retrieved from <https://abai.kz/post/15915> [in Russian].
- 5 *Zapisi Orenburzhskoho otдела Imperatorskoho Russkoho heohraficheskoho obshchestva. Vypusk vtoroi [Records of the Orenburg Department of the Imperial Russian geographical society. Second issue]* (1871). Kazan: Universitetskаia tipografiia [in Russian].
- 6 Andreev I.G. (2007). *Oyrgyz-qaisaq Orta ordasyn suretteu [Description of the Kyrgyz-Kaisak Middle Horde]*. (2nd ed.). Astana: Altyn kitap [in Kazakh].
- 7 *Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVIII–XIX vekakh. Sbornik dokumentov i materialov [Kazakh-Russian relations in the XVIII–XIX centuries. Collection of documents and materials]*. (1961). Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 8 *Epistoliarное nasledie kazakhskoi praviashchei elity 1675–1821 hh. Sbornik istoricheskikh dokumentov. Tom II. Pisma kazakhskikh pravitelei. 1738–1821 hh. [Epistolary heritage of the Kazakh ruling elite 1675–1821. Volume 2. Letters from the Kazakh rulers. 1738–1821]* (2014). (In 2 vols. Vol. 2). Almaty: ABDI kompani [in Russian].
- 9 Erofeeva, I. (1999). *Khan Abulkhair: polkovodets, pravitel i politik [Khan Abulkhair: Commander, Ruler and Politician]*. Almaty: Sanat [in Russian].
- 10 Erofeeva, I. (Ed.). (2007). *Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI–XX vekov. Pervye istoriko-etnograficheskie opisaniia kazakhskikh zemel. XVIII vek [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI–XX centuries. The first historical and ethnographic descriptions of the Kazakh lands. XVIII century]*. (Vol. 4). Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 11 Erofeeva, I.V. (Ed.) (2005). *Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI–XX vv. Zhurnaly i sluzhebnye zapiski diplomata A.I. Tevkeleva po istorii i etnografii Kazakhstana (1731–1759) [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI–XX centuries. Magazines and official notes of diplomat A.I. Tevkelev on the history and ethnography of Kazakhstan (1731–1759)]* (Vol. 3). Almaty: Daik Press [in Russian].
- 12 Levshin, A.I. (Ed. by M.K. Kozybayev). (1996). *Opisanie kirhiz-kazachikh, ili kirhiz-kaisatskikh, ord i stepei [Description of the Kyrgyz-Cossacks, or Kyrgyz-Kaisats, hordes and steppes]*. Almaty: Sanat [in Russian].
- 13 Akhmet, A. (2007). *Qaratai khan [Karatay khan]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 14 Zimanov, S. (2009). *Politicheskii stroi Kazakhstana pervoi poloviny XIX veka i Bukeevskoe khanstvo [Public structure of Kazakhs in the first half of the XIX century and Bukeev khanate]*. Almaty: Arys [in Russian].
- 15 Erofeeva, I.V., & Zhanaev B.T. (Eds.) (2007). *Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVIII–XIX vekov. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdках po yuzhnyim kazakhstanskim stepiam XVIII–XIX veka [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVIII–XIX centuries. Travel diaries and official notes on trips to the southern Kazakh steppes of the XVIII–XIX centuries]*. (Vol. 4). Almaty: Daik-Press [in Russian].

- 16 Zimanov, S. (2009). *Obshchestvennyi stroi kazakhov pervoi poloviny XIX veka i Bukeevskoe khanstvo [The social structure of the Kazakhs of the first half of the 19th century and the Bukeev Khanate]*. Almaty: Arys [in Russian].
- 17 Lapin, N.S. (2012). *Deiatelnost O.A. Ihelstroma v kontekste kazakhsko-rossiiskikh vzaimootnoshenii (1780–1790) [Activity O.A. Igelstrom in the context of Kazakh-Russian relations (1780–1790)]*. Astana: Saryarka [in Russian].
- 18 Qiat, A. (2015). *Dosaly sultan Bulqaiyruly [Dosaly sultan Bulkairuly]*. Almaty: Polihrafkombinat [in Kazakh].
- 19 Kestl, Dzhon. (1996). *1736 zhyly Kishi zhuz khany Abilqaiyrqa baryp qaitqan sapar turaly [About the visit in 1736 to the Younger Zhuz khan's Abulkhair]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 20 Sultangalieva, G.S. (Ed.), Dalaeva, T.T., & Uderbaeva, S.K. (Comps.) (2014). *Kazakhskie chinovniki na sluzhbe Rossiiskoi imperii: sbornik dokumentov i materialov [Kazakh officials in the service of the Russian Empire: the collection of documents and materials]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 21 *Bukeevskoi Orde — 200 let [The Bokey Horde — 200 years]*. (2001). (In 2 books. Book 2). Almaty: Olke [in Russian].
- 22 Akkoshkarov, E. (Comp.). (1997). *Iz istorii kazakhov [From the History of the Kazakhs]*. Almaty: Zhalyn [in Russian].
- 23 Kartaeva, T.E. (2014). *Syr oniri qazaqtary: tarikhii-etnografialyq zertteu (XIX gasyrdyn ekinshi zhartysy — XX gasyrdyn basy) [Kazakhs of the Syr region: historical and ethnographic research (second half of the XIX century — early XX century)]*. (In 2 vols., Vol. 1). Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 24 Ismurzin, Zh.A. (2008). *Batyryly Qaiyp khan zhane onyn auletinin tarikhy (1745–1860) [History of Batyryly Kaiyp khan and his dynasty (1745–1860)]*. *Candidate's thesis*. Oral [in Kazakh]
- 25 Zhanaev, B.T. (Comp.). (2006). *Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI–XX vekov. O pochetneishikh i vliiatelneishikh ordyntsakh: alfavitnye, imennye, formuliarne i posluzhnye spiski. 12 noiabria 1827 — 9 avhusta 1917 [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI–XX centuries. About honorable and influential orders: alphabetical, nominal, formulary and official lists. November 12, 1827 — August 9, 1917]*. (Vol. 8, Pt. 1). Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 26 Zhanaev, B.T. (Comp.). (2006). *Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI–XX vekov. O pochetneishikh i vliiatelneishikh ordyntsakh: alfavitnye, imennye, formuliarne i posluzhnye spiski. 12 noiabria 1827 — 9 avhusta 1917 [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI–XX centuries. About honorable and influential orders: alphabetical, nominal, formulary and official lists. November 12, 1827 — August 9, 1917]*. (Vol. 8, Pt. 2). Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 27 Masevich, M.G. (Comp.) (1960). *Materialy po istorii politicheskoho stroia Kazakhstana [Materials on the history of the political system of Kazakhstan]*. (Vol. 1). Almaty: Acad. of Sci. of Kazakh SSR [in Russian].
- 28 Rumyantsev, P.P. (1910). *Kirhizskii narod v proshlom i nastoiashchem [The Kyrgyz in the past and the present]*. Saint Petersburg [in Russian].